

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы әскери білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді және 2002 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1171 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2002 жылғы 31 қазанда Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы әскери білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісім және 2004 жылғы 12 шілдеде Бішкек қаласында жасалған 2002 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен
Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы
әскери білім саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі "қабылдаушы Тарап" деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен бұдан әрі "жіберуші Тарап" деп аталатын Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі және бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын екеуі
б і р г е ,

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасындағы әскери саладағы ынтымақтастық туралы 1997 жылғы 8 сәуірдегі Шарттың ережелеріне сүйене
о т ы р ы п ,

әскери білім саласындағы ынтымақтастықты дамытуға екі жақты ұмтылыстарын
б і л д і р е о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар әскери қызметшілерді өз мемлекеттерінің әскери оқу орындарында даярлау мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Күнтізбелік жылдың бірінші ақпанына дейін түскен өтінімдер негізінде Тараптардың уәкілетті органдары әскери оқу орындарының атаулары, мамандықтар тізілімі, дайындық шарттары, оқу мерзімі және оқуға жіберілетін әскери қызметшілер саны айқындалған әскери кадрлар даярлау жоспарын жасайды.

2-бап

Әскери қызметшілер оларға жіберуші Тарап ұсынған өлшемдер бойынша іріктеп алынады. Әскери қызметшілерді қабылдаушы Тарап мемлекетінің әскери оқу орнына тіркеу жіберуші Тараптың ұсынуы бойынша жүргізіледі.

3-бап

Қабылдаушы Тарап мемлекетінің әскери оқу орындарында жіберуші Тарап мемлекетінің әскери қызметшілерін даярлауды қаржыландыру мәселесі көзделген бюджет қаражаттары шеңберінде кезекті қабылдаудың жекелеген хаттамасымен анықталатын болады.

Қабылдаушы Тарап жіберуші Тарап мемлекетінің оқып жүрген әскери қызметшілерін олардың әскери оқу орындарындағы оқуына байланысты емес және оқып жүргендердің міндеттерін орындау шеңберінен тыс міндеттерді орындауға тартпайтын болады.

Қабылдаушы Тарап жіберуші Тараппен келісе отырып сабақты үлгірмеу, денсаулық жағдайы немесе тәртіптік жазалану себептері бойынша оқып жүрген әскери қызметшілердің дайындық процесін мерзімінен бұрын тоқтатуы мүмкін.

Қабылдаушы Тарап мемлекетінің әскери оқу орнын бітірген әскери қызметшілерге Тараптар өзара танитын тиісті құжаттар беріледі.

4-бап

Қабылдаушы Тарап мемлекетінің әскери оқу орындарында оқып жүрген жіберуші Тарап мемлекетінің әскери қызметшілері оларда орнатылған тәртіпті, сондай-ақ қабылдаушы Тараптың жалпы әскери жарғысының ережелерін жіберуші Тараптың жалпы әскери жарғыларының ережелеріне қайшы келмейтін бөлігінде сақтауға тиісті.

Жіберуші Тарап мемлекетінің әскери қызметшілері құқық бұзушылық жасалған кезде қабылдаушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5-бап

Тараптар сот жүргізу және құқықтық көмек мәселелері бойынша мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

Жіберуші Тарап мемлекетінің әскери қызметшісі құқық бұзушылық жасаған кезде ол қабылдаушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жауапты болады; тұтқындау, ұстау, басқа да процессуалдық іс-қимылдарын жүргізу кезінде, сондай-ақ құқықтық көмек көрсету кезінде қабылдаушы Тарап ұлттық заңнамасына және азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы конвенцияны басшылыққа алады.

6-бап

Егер қабылдаушы Тарап мемлекетінің мүлкіне жіберуші Тарап мемлекетінің оқып жүрген әскери қызметшісінің кінәсінен залал келтірілсе немесе жоғалып кетсе, жіберуші Тарап Тараптардың уәкілетті өкілдері жасаған және қол қойған актілер негізінде сол мүлікті қалпына келтіру үшін қажетті соманың орнын толтырады.

7-бап

Оқитын әскери қызметшілері қабылдаушы Тарап мемлекетінің Қарулы Күштері жүйесінде бар, қабылдаушы Тараптың тиісті тұлғалар санаты үшін көзделген әлеуметтік қызметтер мен жеңілдіктерді пайдаланады.

Қабылдаушы Тарап жіберуші Тараптың оқитын әскери қызметшілерін стипендиямен қамтамасыз етеді.

Жіберуші Тарап мемлекетінің әскери қызметшілеріне арналған стипендиялар көлемі қабылдаушы Тарап мемлекетінің әскери қызметшілеріне арналғанынан кем емес келемде белгіленеді.

Қабылдаушы Тарап мемлекетінің стипендиясының көлемі жіберуші Тарап мемлекетінің стипендиясының көлемінен төмен болған жағдайда, жіберуші Тарап мемлекетінің стипендиясының көлемі негізге алынады.

8-бап

Тараптар қабылдаушы Тараптың кінәсінен болмаған әскери қызметшіге немесе оның отбасы мүшесіне келтірілген дене зақымына немесе қайтыс болуына байланысты бір-біріне барлық талап қоюлардан бас тартады. Мұндай жағдайда жәбірленуші, оның туыстары немесе қандай да бір үшінші адам қоюы мүмкін барлық талаптар бойынша жіберуші Тарап жауапкер болады.

Оқитын әскери қызметші немесе оның отбасы мүшелері қаза тапқан жағдайда қабылдаушы Тарап бұл туралы жіберуші Тарапқа дереу хабарлайды және марқұмды жіберуші Тарап мемлекетінің аумағына жеткізуде өтеусіз жәрдем көрсетеді.

9-бап

Осы Келісімді қолдануға және түсіндіруге байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер және консультациялар арқылы шешетін болады.

10-бап

Тараптардың бірде бірі осы Келісімнен туындайтын өзінің құқықтары мен міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа бере алмайды.

11-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

12-бап

Осы Келісім: қазақстан Тарабы үшін оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді өткізгеннен кейін; қырғыз Тарабы үшін қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Осы келісім Тараптардың бірі осы келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлаған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

Алматы қаласында 2002 жылғы 31 қазанда әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының *Қырғыз Республикасының*
Қорғаныс министрлігі үшін *Қорғаныс министрлігі үшін*

2002 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама

(2004 жылғы 30 қарашада күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі - Тараптар) 2002 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 11-бабына сәйкес (бұдан әрі - Келісім), төмендегілер туралы келісті:

Келісімнің 7-бабының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Жіберуші Тараптың оқып жатқан әскери қызметшілеріне оқу кезеңінде Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес тегін медициналық қамтамасыз ету көрсетіледі".

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Келісімнің 12-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2004 жылғы 12 шілдеде Бішкек қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде қайшы пікірлер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін Қорғаныс министрлігі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК